



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ - ЕЛБАСЫНЫҢ ҚОРЫ

«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ – 2017»

студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ – 2017»

PROCEEDINGS

of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2017»



14th April 2017, Astana



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**«Ғылым және білім - 2017»
студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2017»**

**PROCEEDINGS
of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2017»**

2017 жыл 14 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2017» студенттер мен жас ғалымдардың XII Халықаралық ғылыми конференциясы = The XII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2017» = XII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2017». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2017. – 7466 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-827-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-827-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2017

УДК 341.48/49

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚҰҚЫҚТАҒЫ ЖЕМҚОРЛЫҚ ТҮСІНІГІ

Құдайбергенов Асқар Қажымұратұлы

Kudaibergenov_ak_1@enu.kz

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Халықаралық құқық кафедрасының оқытушысы, Астана, Қазақстан

Сыбайлас жемқорлықтың даму тарихы ежелгі кезеңнен бастау алады. Атақты француз философы Шарль Луи Монтескье: «Көптеген ғасырлар тәжірибесі көрсеткендей, қолында билігі бар адам, қылмыс жасауға бейім тұрады және де тиісті шекке жетпейінше, сол бағытта әрекет жасай береді», - деп айтқан. Сыбайлас жемқорлық құбылысын халықаралық заманауи тұрғысынан түсіну және оған қарсы күрес шараларын іске асыру жолдары қылмыстың алдын алу және құқық бұзушылармен жұмыс жүргізу жөніндегі БҰҰ-дың Сегізінші Конгресінің хатшылығы әзірлеген «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес бойынша практикалық шаралар» атты нұсқаулықта көрініс тапты (Гавана, 1990 жылғы тамыз-қыркүйек). Осы құжатты талқылау нәтижесінде әлемдік қауымдастыққа сыбайлас жемқорлықтың мынадай ерекшеліктері ұсынылды:

1. Осы ұғымның мағынасының сипатына қарай сыбайлас жемқорлыққа жататын барлық құқық бұзушылықтар енгізілуі тиіс, олар: этикалық, тәртіптік, әкімшілік және қылмыстық-құқықтық бұзушылықтар, бұл сыбайлас жемқорлық жолына түскен субъектінің қызметтік бабын өз басының пайдасына асыра пайдаланып, заңды бұзғандығынан көрінеді.

2. Мемлекеттік қызметтегі тұлғаларды сыбайлас жемқорлық жолына итермелейтін субъектілердің қызмет шеңберін шектеу. Бұған шенеуніктердің артықшылықтарды заңсыз пайдаланғанын жатқызуға болады, осындай қызмет көрсететін субъектілердің шеңберін жеке және заңды тұлғалар толықтырылып отырады.

3. Өз қызмет жағдайын жемқорлық құқық бұзушылықтың субъектісі ретінде заңға қайшы сипатта пайдалану.

4. Жемқорлықтың көрініс табуының ең қауіпті екі түрі:

- мемлекеттік немесе қоғамдық мүліктерді жемқорлық жолмен ұрлау;
- мемлекеттік қызметкерлердің әрекетінде ұрлық белгілері байқалмаса да, олардың қандай да бір артықшылықтарды заңсыз жолмен алу мақсатында өз қызметтік жағдайын теріс пайдалануы.

Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 2 шілдедегі «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңының 2-бабына сәйкес: «Мемлекеттік міндеттерді атқаратын адамдардың, сондай-ақ соларға теңестірілген адамдардың лауазымдық өкілеттілігін және соған байланысты мүмкіндіктерін пайдалана отырып, не мүліктік пайда алу үшін олардың өз өкілеттіктерін өзгеше пайдалануы, жеке өзі немесе делдалдар арқылы заңда көзделмеген мүліктік игіліктер мен артықшылықтар алуы, сол сияқты бұл адамдарға жеке және заңды тұлғалардың аталған игіліктер мен артықшылықтарды құқыққа қарсы беруі арқылы оларды сатып алуы сыбайлас жемқорлық деп ұғынылады». Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев атап өткендей: «Сыбайлас жемқорлық – бұл ғаламдық мәселе, одан әлемнің бірде-бір мемлекеті, бірде-бір саяси жүйе, бірде-бір саяси тәртіп қорғалған емес».

Қазіргі отандық әдебиеттерде: «Сыбайлас жемқорлық - (латын тілінен «согуптіо» - пара беріп сатып алу, құқық бұзу, құлдырау деген мағынаны білдіреді) деп қоғамдық және саяси қызметкерлердің, лауазымды тұлғалардың сатқындығын, оларды сатып алуды, яғни саяси,

экономикалық, әскери және тағы басқа да салалардағы қызметкерлердің қолындағы билігінің мүмкіндіктерін және қызмет бабын жеке басын байыту мақсатында пайдалануын айтады».

Сыбайлас жемқорлықтың жаңа қарқынмен кең өріс алуы ХІХ ғасырдың соңы мен ХХ ғасырдың басына келеді. Бір жағынан, іс-шараларды мемлекеттік реттеу дәрежесі көтеріліп, осыған орай шенеуніктердің билігі күшейе түсті. Екінші жағынан, ірі кәсіпкерлік пайда болып, олар өз мақсатына жету үшін «мемлекетті сатып алуға» кірісті. Дамыған елдерде (Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін Батыс Еуропа елдерінде) саяси партиялардың маңызы өскен сайын партиялық сыбайлас жемқорлық кең етек ала бастады. ХХ ғасырдың екінші жартысында «үшінші әлем» елдері саяси дербес ел болып дамыған кезде, олардың мемлекеттік аппараты алғашқы кезден бастап сыбайлас жемқорлық жолына түскен еді. «Үшінші әлем» елдерінде «төменнен жоғары жаққа қарай» сыбайлас жемқорлық түрі кездеседі, бұндай жағдайда парақор басшы өз кінәсін мойындамай, қарамағындағы қызметкерлерді жазаға тартады. Сондай-ақ «жоғарыдан төменге қарай» сыбайлас жемқорлық түрі де болған, бұндай жағдайда жоғары қызметте тұрған шенеуніктер ашық түрде пара алып, алған парасымен қарамағындағы қызметкерлермен жартылай бөліскен (сыбайлас жемқорлықтың осындай жүйесі Оңтүстік Кореяда байқалады). «Үшінші әлем» елдерінде (Филлипинде, Парагвайда, Гаитиде, Африканың кейбір елдерінде) клептократиялық тәртіп орнаған, бұл елдерде сыбайлас жемқорлық барлық әлеуметтік-экономикалық қарым-қатынасты қамтыған және пара бермесе ешбір іс орындалмайды. 1990 жылдары сыбайлас жемқорлық мәселесі аса өзекті мәселеге айналды. Осы кезде бұрынғы социалистік елдерде сыбайлас жемқорлық аса үлкен қарқынмен дамыды.

Қорыта келе айтатынымыз, ХХІ ғасырда сыбайлас жемқорлықтық қарым-қатынастың даму үдерісі мынадай:

- сыбайлас жемқорлықтың түрі мен формасы көбее түсті.
- ауық-ауық түрдегі сыбайлас жемқорлық жүйелі түрдегі сыбайлас жемқорлыққа айналды.
- биліктің төменгі сатысында орын алған сыбайлас жемқорлық биліктің жоғарғы сатысында кездесетін, одан әрі халықаралық сыбайлас жемқорлық сипатына ие болды.

Кез-келген теріс әлеуметтік құбылысты, сыбайлас жемқорлықты қоса алғанда, жеңудегі маңызды қадам болып оның трансформация тарихын зерттеу, қазіргі жағдайы және қарсы әрекеттердегі тәжірибесі кіретін жан-жақты талдау болып табылады. Алайда кез-келген зерттеуді біздің көзқарасымыз бойынша, ұғымдық аппаратты анықтаудан бастау қажет. Сондықтан осы мақаланың мақсаты халықаралық тәжірибедегі халықаралық-құқықтық құжаттардағы жемқорлықты анықтауды саралау боп табылады. Халықаралық құқықта жемқорлық ұғымын анықтаудың 2 тәсілі орын алды: нақты дефинициялардың тұжырымдалуы немесе криминализацияға жататын жемқорлық құқықбұзушылықтардың тізіміне сілтеме.

Бірінші тәсілдің мысалы ретінде 1978 жылы 17 желтоқсанда БҰҰ Бас Ассамблеясымен қабылданған «Құқықтық тәртіпті қолдау бойынша лауазымды тұлғалардың мінез-құлық кодексін» атап өтуге болады. Онда жемқорлық ұғымы: “міндеттерін атқару кезінде қандайда бір әрекет етуі не әрекетсіздігі немесе осы міндеттердің есебінен нәтижесінде талап етілетін немесе қабылданған сыйлықтар, уәде, стимулдар немесе осындай әрекет/әрекетіздік орын алған жағдайларда заңсыз алынуы”(7-бапқа b-коментарий). 1999 жылы Еуропалық Кеңеспен қабылданған «Жемқорлыққа байланысты азаматтық-құқықтық жауапкершілік туралы Конвенцияға» жемқорлықтың нәтижесінде әкелген залалдың орнын толтыру сияқты сұрақтарды реттейтін азаматтық-құқықтық материалдық және процессуалдық нормалар енгізілген. Онда жемқорлықты былай деп көрсеткен: “тікелей не жанама пара не басқа да мүлік түрлерін немесе кез келген міндеттерін жөнді орындауын бұрмалауға немесе пара алушының талаптарындағы мінез-құлқы болашаққа әсер ететін мүлікті өтініш, ұсыныс арқылы беру-алу”.

Осы тәсілді қолдануда жемқорлық көп жағдайда шындығында парақорлыққа теңестіріледі. Көпшілік халықаралық-құқықтық құжаттар жасаушылар 2-ші: жемқорлыққа

байланысты құқыққа қайшы іс-әрекеттер тізімін кеңейтуге мүмкіндік беретін және ұлттық заңнамада криминализацияға тиісті боп табылатын тәсілді қолданады. Сонымен қатар 1996 жылы 26 наурызда қабылданған «Жемқорлықпен күрес туралы Америкааралық Конвенция» “жемқорлық актілеріне”(Конвенцияның 6-бабы) мемлекеттік қызметкерлерді активті және пассивті сатып алу, конвенцияда көрсетілгендей “өзі үшін немесе үшінші тарап үшін заңсыз жәрдемақы алу мақсатында қызметтік міндеттерін орындау кезінде кез-келген іс-әрекет жасау не іс-әрекеттен бас тарту”, сыбайлас жемқорлықтан алынған мүлікті алаяқтықпен пайдалану немесе жасырып қалу, сыбайлас жемқорлықтың кез-келген қылмысына қатысуды жатқызады. 1999 жылғы Еуропа Одағының “Сыбайлас жемқорлыққа қылмыстық жауапкершілік Конвенциясында” жемқорлықтың анықтамасы жоқ. Конвенцияның 2-ші бөлімінде криминализацияға жатқызылатын сыбайлас жемқорлықтың көлемді тізімі қарастырылған: мемлекеттік лауазымды тұлғаларды активті және пассивті сатып алуы, отандық қоғамдық жиналыстар мүшелерін сатып алу, жеке сектордағы активті және пассивті сатып алу, қызметтік дәрежесін пайдакүнемдік мақсатында пайдалану, сыбайлас жемқорлыққа байланысты қылмыстық кірістерді жалтарту. Сонымен қатар, конвенция халықаралық сыбайлас жемқорлық(шетелдік лауазымды тұлғаны, шетелдік ұлттық жиналыстардың мүшелерін, халықаралық ұйымдардың лауазымды тұлғаларын, халықаралық үкіметтік жиналыстардың мүшелерін, судьялар мен халықаралық соттардың лауазымды тұлғаларын сатып алу) криминализациясының талаптары бар. «Трансұлттық ұйымдастырылған қылмысқа қарсы БҰҰ-ның Палермо Конвенциясының» 8-бабында (сыбайлас жемқорлықтың қылмыстық сипаты)келесідей іс-әрекеттердің қылмыстық сипатының мұқтаждығын ескертеді:

1) Лауазымды тұлғаның немесе басқа жеке не заңды тұлғаның өзі үшін қоғамдық лауазымды тұлғаға өз міндеттерін атқаруда белгілі бір іс-әрекетті істеу немесе істемеуде заңсыз артықшылықтарды жасауын өтіну,сөз беру, ұсыныс жасау не қамтамасыз ету;

2) Лауазымды тұлға жеке немесе заңды тұлғаның өзі үшін заңсыз артықшылықтарды қоғамдық лауазымды тұлғаның жеке немесе біреу арқылы қабылдауы немесе бопсалауы. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы БҰҰ-ның Конвенциясының» 3-тарауында сыбайлас жемқорлық ұғымы шенеуніктердің парақорлығы, шетелдік шенеуніктер мен халықаралық ұйымдардың лауазымды тұлғалардың парақорлығы, лауазымды тұлғаның мүлікті заңсыз иемдену не мақсатсыз пайдалануы, беделдігін жеке пайдасы үшін қиянат етушілік, қызметін теріс пайдалану, заңсыз баю, жеке секторда паррақорлық, жеке секторда мүлікті жымтару сияқты тізімдерден тұратын іс-әрекеттермен анықталған.

Осылайша екінші көзқарастың негізіне сыбайлас жемқорлықтың кең көрінісі болып тек парақорлық емес, қызметінің пайдакүнемдік мақсатында пайдалануы да жатады.

Жоғарыда анықталған жемқорлық ұғымы келесідей қорытындылар әкеледі:

I.Халықаралық құқық жалпы сыбайлас жемқорлық ұғымын тұлғалардың қызметті парақорлыққа жеткізбей қиянатпен пайдалану сияқты ауқымды трактовкада қолданады. Халықаралық құжаттар сыбайлас жемқорлықтың тар тұжырымдамаларды қолданғанда мұндай ұғымдар әдетте жемқорлықты парақорлыққа немесе сатып алуға теңейді.

II. Көрсетілген халықаралық құжаттарда жемқорлыққа қызметтік өкілеттіктерін ұлттық, муниципалды, жеке секторларда асыра қолдану,басқару функцияларын атқаратын лауазымды тұлғалардың сатып алу-сатуларының әртүрлі формалары, сонымен қатар осындай тұлғалардың өз өкілеттіліктерін жүзеге асырудағы жеке мүддесі үшін жасалған заңсыз әрекеттерін жатқызады.

III. Жоғарыда келтірілген анықтамалардың талдауы сыбайлас жемқорлықтың белгілерін ашады. Олардың кез-келген заңды анықтамасы –яғни, әлеуметтік табиғаты (билік ыдырауы), нормативтік өзгешелігі(құқықтық нормалардың тыйым салуы), пайдакүнемдік мотивациясы (уәж) ұлттық деңгейде өз орнын табуы тиіс.

IV. Жемқорлықтың құрылымына тек жемқорлық қылмыстар ғана емес, сонымен қатар қылмыстық құқықта сыбайлас жемқорлық әрекеттерінің криминализациясын барынша жүзеге асыруға, ал профилактикалық заңнамада – жемқорлыққа қарсы тиімді саясатты

құруға көмектесетін басқа да құқықбұзушылықтар (әкімшілік, тәртіптік, азаматық-құқықтық) кіреді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Антикоррупционная политика (Anti-corruption policy): Материалы для парламентских слушаний в Гос. Думе Федер. Собр. РФ (21 дек. 2001 г.) / Науч. ред. Максимов С.В. М., 2001.
2. Лукашук И. И. Международно-правовые формы борьбы с коррупцией //
3. Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» 1998 ж. 2 шілдедегі №267 - 1 Заңы //Казахстанская правда. - 1998 ж. 9 шілдедегі №132, 2-бап.

УДК 341

**АКТУАЛЬНЫЕ НАПРАВЛЕНИЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ПРОКУРАТУРЫ
РОССИЙСКОЙ ФЕДЕРАЦИИ В ОБЛАСТИ МЕЖДУНАРОДНОГО
СОТРУДНИЧЕСТВА**

Макарова Юлия Алексеевна

juli_makarova@yahoo.com

Магистрант 2 курса Института государства и права Тюменского государственного университета, Тюмень, Российская Федерация
Научный руководитель – М.О. Лиц

Международное право в современном мире становится основным регулятором общественных отношений, в связи с чем особенно повышается значимость международного сотрудничества. Данные явления несут собой высокую цель – повышение уровня взаимосвязанности государств мира и, как следствие, укрепление его целостности. Возможность обеспечения с помощью международного права и международного сотрудничества целостности мира позволяет создать во всем мировом сообществе определенный правопорядок. Как важнейший государственный орган в системе правоохранительных органов Российской Федерации прокуратура не остается в стороне от указанных мировых тенденций. Международное сотрудничество и участие в разработке международных договоров и соглашений являются неотъемлемыми направлениями деятельности Генеральной прокуратуры Российской Федерации.

Федеральным законом «О прокуратуре Российской Федерации» предусмотрено, что Генеральная прокуратура Российской Федерации в пределах своей компетенции осуществляет прямые связи с соответствующими органами других государств и международными организациями, сотрудничает с ними, заключает соглашения по вопросам правовой помощи и борьбы с преступностью, участвует в разработке международных договоров Российской Федерации [2]. В данном случае прослеживается взаимосвязь с положением п. «к» ст. 71 Конституции Российской Федерации, в которой говорится о том, что внешняя политика и международные отношения Российской Федерации, международные договоры Российской Федерации находятся в исключительном ведении Российской Федерации [1]. Поскольку Генеральная прокуратура Российской Федерации является высшим федеральным органом государственной власти в единой централизованной системе органов прокуратуры Российской Федерации, то, исходя из положений ФЗ «О прокуратуре Российской Федерации» и Конституции РФ, можно заключить, что полномочия, перечисленные в упомянутом Федеральном Законе, не могут быть делегированы нижестоящим органам прокуратуры Российской Федерации. В свою очередь, Уголовно-процессуальный кодекс Российской Федерации непосредственно раскрывает порядок взаимодействия прокуроров (наряду с другими участниками уголовного процесса) с соответствующими компетентными органами и должностными лицами иностранных государств и международными организациями [3].